Құрманғазы аудандық ауруханасының қызметкерлеріне «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту » туралы түсіндіру іс-шаралары отырысының
ХАТТАМАСЫ

Құрманғазы ауылы 30 маусым 2026 жыл.

Төрағалық етуші: С.У.Зулкашева
Хатшылықта: Э.Г.Мұғалім – заңгер, комплаенс офицер.

Өткізу орны: Құрманғазы ауданы, Құрманғазы ауылы, Шафхат Бекмұхамедов көшесі 28, Құрманғазы аудандық орталық емханасының мәжіліс залы.
Қатысушылар: Медицина қызметкерлері,
Күн тәртібі:

Сыбайлас жемқорлық – мемлекеттің тұрақты дамуына, қоғамның әділеттілігіне және азаматтардың құқықтарының сақталуына елеулі қауіп төндіретін құбылыс. Ол халықтың билікке деген сенімін азайтып, экономикалық және әлеуметтік әділетсіздікті туындатады. Сондықтан да Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлықпен күрес – мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып саналады.

Негізгі бөлім

1. Сыбайлас жемқорлықтың салдары

Сыбайлас жемқорлықтың зардаптары тек мемлекеттік органдармен шектелмейді. Ол:

- Қоғамдағы әлеуметтік теңсіздікке жол ашады;
- Экономикалық инвестициялардың азаюына себеп болады;
- Құқықтық тәртіп пен заң үстемдігін бұзады;
- Азаматтардың билікке сенімін төмендетеді.

2. Заңнамалық негіз

Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл келесі негізгі нормативтік актілер арқылы реттеледі:

- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңы (18.11.2015 ж. №410-V);
- Мемлекеттік қызметшілердің Этикалық кодексі;
- ҚР Қылмыстық кодексінің 371–366 баптары;
- ҚР Президентінің және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің бастамалары.

3. Алдын алу шаралары

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда басты басымдық – жүйелі профилактика мен қоғамдық бақылауға беріледі. Атап айтқанда:

Тұрақты семинарлар мен түсіндіру жұмыстары;
Этика нормаларын сақтау;
Қызметкерлер арасында аноним сауалнамалар жүргізу;
Мүдделер қақтығысын болдырмау;
Ішкі бақылау жүйесін жетілдіру;

Қорытынды

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – тек құқық қорғау органдарының немесе басшылықтың ғана міндеті емес. Бұл – әрбір азаматтың, әрбір қызметкердің саналы ұстанымы мен әрекетінің көрінісі. Адалдық, әділдік және заңға құрмет көрсету – болашақтың іргетасы. Сондықтан, баршамыз бірлесе отырып, жемқорлықсыз қоғам құруға үлес қосуымыз керек.

Директор: С.У.Зулкашева

Хатшы: Э.Г.Мұғалім